

**«Төлеби аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның кезектен тыс өткізілген
жиналысының
ХАТТАМАСЫ
№5**

Көксайек ауылы

«24» ақпан 2023 жыл

Төрағасы: Басшы К.Р.Умарова

Хатшылықта: Басшының сапа ісі жөніндегі орынбасары м.а. Г.К.Беркинбаева

Қатысқандар: Төлеби аудандық ауруханасының бөлім меңгерушілері мен ауылдық амбулаториялардың аға дәрігерлері.

Күн тәртібінде: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заның кеңінен талқылып, түсіндірме беру.

Жиналыста келесі мәселер айтылды, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Занының талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүргізілуі тиіс. Кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік таңытуымыз қажет. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Зағы қабылдағаннан бері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылдаған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің азаюы байқалуда. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі- парақорлық. Бірінші кезекте, пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік таңытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алуда пайдасы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Біздің ортада сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ, қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болатындығын және сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білуі керек екендігі жөнінде түсіндірілді.

Қорытынды: Жиын соңында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаппай ымырасыз күресі қажеттігін, әр бөлім өздеріне жүктелген міндеттемелерін адал және сапалы орындау қажеттігін, сыбайлас жемқорлыққа тәуелділігін мүлдем болдырмау қажеттігін ескертті.

Жиналыс төрағасы

К.Р.Умарова

Хатшы: Г.К.Беркинбаева

